



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

2. Социальная психология : Учеб.для студ.высш.учеб.заведений. – М.:Изд-во ВЛАДОС-ПРЕСС, 2003. – 448 с.
3. Социальная психология : Учебник для высших учебных заведений / Г.М.Андреева. – 5-е изд., испр. и доп. – М.: Аспект Пресс, 2005. – 363с.
4. 100 оқулық: қазақы тіл сақталып, мазмұн өзгермесе // Сыр бойы газеті. 13 наурыз, 2018ж.

УДК 94.24

ТҮРКИЯДАҒЫ ҚАЗАҚ ДИАСПОРАСЫ

Рахманқұл Нұрбек Рахманқұлұлы

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
элеуметтану мамандығының 4-курс студенті

Байғабылов Нұрлан Оралбайұлы

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
PhD, доцент м.а.

Қазіргі таңда Қазақстанды 67%-дан астам қазақ халқы мекендесе, алыс жақын шет елдерде бірнеше миллионнан астам қазақ диаспорасы бар. Мысалы: Қазақтар саны Өзбекстанда – 2 млн., Қытайда – 2 млн., Ресейде – 2 млн. Шыққан тегі мен ұлттық санасына қарағанда, әлемдегі барлық қазақтар саны 15 миллиондай. Осы себепті де қазақ ұлты келешегі мол, ірі ұлттар қатарына жатады.

Қарап отырсақ, кейбір қазақ диаспоралары шарықтаған нарық экономикасы мен азаматтық қоғам орнаған елдерде ғұмыр кешуде (АҚШ, Франция, Англия, Алмания, Швеция, Түркия және т.б.), ал қалған бөлігі қазіргі экономикалық-әлеуметтік және саяси реформалар жүріп жатқан дамушы елдерде өмір сүруде (Қытай, Ресей және т.б.). Осыған орай шеттегі қазақ диаспорасының бай нарықтық тәжірибесі осыған сәйкес ділі мен санасындағы құндылықтық басымдықтар біз үшін өте пайдалы және құнды.

Қытайдағы, Моңғолиядағы, Өзбекстандағы, Ресейдегі қазақтар өзінің ата-жұртында өмір сүруде, ал қалған қазақ диаспоралары әртүрлі жағдайларға байланысты кезінде қоныс аударуға мәжбүр болғандар. [2]

Қазақтардың Түркияға қоныстануы 1952 жылы басталған. Ол туралы мәліметтерде, Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданының Алтай округінен («алтай қазақтары») көшіп барғандығы айтылады. Ал, 20 ғасырдың 80-ші жылдары Ауғанстан мен Ирандағы қазақ диаспорасы босқын ретінде көшкен. Бұл туралы белгілі түркітанушы маман Әбдіуақап Қара мына деректерді келтіреді: «Қазақтар Түркияға Үндістан-Пәкістан арқылы келген болатын. Олар Түрік үкіметінің 1952 жылы 13 наурыздағы қаулысы бойынша Түрік еліне қабылданды. Осыдан кейін алдына 12 жыл, артына 2 жыл болған Үндістан мен Пәкістандағы екі мыңға жуық қазақ Түркияға қоныс аудара бастады. Сөйтіп қазақтың алғашқы тобы болып Құсайын Тәйжі бастаған қазақтар 1952 жылдың қыркүйек айында түрік еліне қадам басты. Көш 1953-1954 жылдарға дейін жалғасты. Үндістандағы соңғы топ ретінде Қалибек Әкім бастаған қазақтар 1954 жылдың көктемінде Түркияға келді. Сонымен 1952 жылдың қыркүйегі мен 1954 жылдың мамыры арасында Үндістан мен Пәкістанда өмір сүрген 1850 қазақтың барлығы Түркияға қоныс аударды.»

Алғаш барғанда қазақтар жаңа жерде барынша бір аймақта шоғырлануға тырысты. Нәтижесінде, Стамбұлдың бір ауданы «Қазкент» деп аталды, қазір ол «Гюнешли» түрік тілінен аударғанда «күн сәулелі» деп аталады. Олардың біркелкі орналасуы ана тілін, салт-дәстүрін сақтап қалуға, өзара қарым-қатынастың үзілмеуіне себепші болды.

Ұлы көште Түркияға көшіп барған қандасымыз Мансұр Тәйжімен болған сұхбатымызда, ұлы көшті былай сипаттады: «Түркияға көшін бастап келген кісілердің бірі – Құсайын Тәйжі. Ол елге басшы болған әкесінің өсиетімен, басшылықты мойнына алды. 1949 жылдары

Қытайда төңкеріс болып, билікке Мао келгеннен соң, Қытайдан кетуге мәжбүр болды. Құсайын Тәйжі басқарған қазақтар Алтайдың оң жағынан Тибет арқылы 1951 жылы 9 ай дегенде көшіп отырып, 3000 шақырым жолды ат түйемен басып өтіп, Үндістанға орналасты. Үндістан үкіметі ауып келген қазақтарға көмегін бергенменен, шаруашылығы сай келе қоймайтын жат ел қазақтарға жайлы бола қоймады. Тәйжі қазақтарды үгіттеп, Үндістанды тастап, Түркияға бару туралы қазақтарға ұсыныс айтады. Бірақ, қазақтар бір ауыздан мақұлдай қоймады. Неге десек, жолдан әбден зорығып қалған болатын. Уақыт өте келе Үндістанның біздің халықтар үшін жайлы емесін түсінеді. Құсайын Тәйжі Үндістандағы Түркия елшілігіне барып, Түркия басшылығына өтініш береді. Біраз уақыттан кейін өтініштері қабылданғандығы және Түркияның көмек қолын созуға дайын екендігі туралы жауап келеді. Бірден 22 шаңырақ Кашмирден Түркияға аттануға қамданып жолға шығады. Жолды поездбен, поездан соң параходпен жүріп өтеді. Жалпы, көш барысында жүріліп өткен жолдың ұзындығы 9 мың шақырым.»

Жаңадан көшіп келген қазақтарға Түркия үкіметі Маниса, Кония, Алтай сияқты аймақтардан егін шаруашылығымен айналысу үшін 35,955 гектар тегін жер бөліп берген. Олардың ішінде тек қана Конияға қоныстанған қазақтар егіншілікпен айналысқан. Ал, басқа аумақтарға орналасқан қазақтардың тұрмысы ауыр жағдайда болды. Ол жайында Түркиядағы Мимар Синан университетінің профессоры Әбдіуақап Қара былай баяндайды: «XX ғасырдың 2-ші жартысында Түркияда Алтайдағыдай мал өсіріп ары-бері көшіп қонып жүруге мүмкіншілік жоқ еді. Түркияның аталған аймақтарында, аттың жалында, түйенің қомында көшіп-қонып жүру мүмкін емес еді. Сонымен қазақтың күн көрісі қиындай бастады. Қарапайым халық түгіл бұрын ел бастаған жетекшілердің өзі бала шағаның ризығының қамын ойлауға мәжбүр болды. Олар біреуге масыл болып алақан жаймай күн көрудің жолын іздестірді. Ақырында қолөнерімен, ата кәсіптерімен айналысып несібесін табудан басқа амал таба алмады. Сөйтіп жаңа өмірді бастады. Бұрын ел бастаған Тәйжілер, Укірдайлар мен Залыңдардың өзі тері илеп, табыс бапты. Қолға ине жібін алып теріден қолғап, қалпақ, тон сияқты бұйымдар жасады. Тіпті сол тіккен бұйымдарын базарға апарып сату үшін дорба мен дағар арқалауға мәжбүр болды. Әйтеуір қалай болса да отбасының несібесін адал еңбекпен табу мақсат болды. Біраз уақыт өте келе жаңа елдің салтын да, тілін де, заңын да меңгере бастады. Балалардың алды түрік мектептерінен білім алып үлгерді. Сонымен 10 жылға жетпей қазақтар түрік елінде есін аяққа тұра бастады.»

Түркиядағы қазақтардың тұрмыс тіршілігін зерттеген Б.Қалшабаева мен А.Бейсеғұлова 1960 жылдан бері қарай қазақтар бірте-бірте үлкен қалаларға, әсіресе Түркияның сауда орталығы Ыстамбұлға, одан кейін Измир, Анкара секілді қалаларына көше бастағаны туралы жазады. Табыс тауып, отбасыларын асырау үшін қазақ жастары қара жұмысқа да төзген. Уақыт өте келе олар 5-10, тіпті 30 кісіден ақшаларын ортаөқтастырып, тері, пластика өнімдерін шығаратын шағын кәсіпорындар құрады. Сөйтіп, жаңа жерге қоныс аударған қазақтар күн көрудің өзіндік жолын жасады. Бұл жақтағы қандастарымыздың осынша уақыт аралығында өздерінің мәдениеттілігімен, тәрбиелілігі секілді ерекеше қасиеттерімен көзге түсіп, шетелдіктерге үлгі болып жүргенін айта кету керек. [3]

Түркиядағы қазақ диаспорасының тарихын көптеген ғалымдар мен тарихшылар зерттеген. Соның ішінде ең алғашқылардың бірі болып, Түркиялық қазақтар арасынан шыққан зерттеушілердің бірі – Халифа Алтай. Ол кісінің 1977 жылы «Қазақ шежіресі», 1980 жылы «Естеліктерім» деген кітаптары түрік тілінде жарыққа шықты. Халифа Алтайдың «Атажұрттан Анадолыға дейін» деген еңбегі алғаш 1981 жылы басылды. Бұл еңбектер Түркиядағы қазақ диаспорасының тарихын зерттеуде маңызды рөл атқарады. Алғашқы еңбегі «Қазақ шежіресінде» Түркиядағы қазақтардың шежіресі жазылған. [4] Екінші еңбегі «Естеліктерімде» өзі көш барысында куәгер болған оқиғаларды латын әліппесіне негізделген қазақ тілінде өлең түрінде дастан етіп жырлайды.[5] Бұл Түркияда қазақ тілінде жарық көрген алғашқы еңбек болып табылады. Автордың үшінші және кең тараған еңбегі «Атажұрттан Анадолыға дейін» атты кітабы 1981 жылы Анкарада жарық көрді. Түркия Мәдениет Министрлігінің басылымдары арасында шыққан кітапта

қазақтың салт – дәстүрі мен мәдениеті егжей – тегжейлі әңгімеленеді. Бұл кітап ықшамдалып қазақ тіліне аударылып 1995 ж. Алматыда жарық көрді[6].

1952 жылы Түркияға 9 жасар бала болып келген Мансұр Тәйжі ағамыз сол күндерді еске алып “1952 жылы 20 қазан күні қазақ көшінің алғашқы легі болып әкем Құсайын Тәйжінің жетекшілігінде Түркияға келген едік. Біраз уақыт өткеннен кейін Бас министр Аднан Мендерес мырза келіп хал-жағдайларымызды сұрады. Және біз балаларға дәптер-қарандаш берді. Сол кезде Бас министр мырзаның қолынан дәптер- қарандаш алған баланың бірі мен едім. Түркияға көшті бастаған аталар, ағалар бүгінде жоқ” деуде.

Негізінде түрік елінің шеттен эмигрант қабылдауда бай тәжірибесі бар еді. Өйткені Түркия І Дүниежүзілік соғыста шаңырағы шайқалып ортасына түскен Осман мемлекетінің қалдықтарынан жаңа мемлекет құрып, Түрік Республикасының іргесін қалаған кезде, жас мемлекеттің халық саны небары 13-ақ миллион болатын. Жаңа елдің тәуелсіздігін баянды ету барысында халық санын қауырт өсіру діттеліп, көрші елдердегі этникалық түріктер елге көшіріліп әкеліне бастады. Міне бүгін түрік үкіметінің сол көреген саясатының арқасында Түркия 80 миллионға таяп отыр.

Ал әлемнің түрлі елдеріндегі қазақ диаспораларымен салыстырмалы түрде бағалайтын болсақ, ең бақытты диаспораның Түркиялық қазақтар екенін ауыз толтырып айтар едік.

Өйткені Түркия түбі бір туысқан халық деп санап отырған қазақтарға әрқашан жанашырлық көрсете білді. Сондықтан бұл елдегі қазақтар әрқандай бір бөтендік, жаттық көріп, әрқандай бір этникалық қысым-қудалауға тап болған жоқ. Тіпті, қазақтарды Орта Азиядан жаңа келген нәсілі таза, қаны таза нағыз түрік деп, өзінен жоғары бағалап жатқан азаматтары да көптеп кездесіп жатады.

Оның үстіне Түркия 1991 жылы Қазақстан тәуелсіздігін жариялаған кезде, әлем елдері ішінде оны бірінші болып таныған ел болды. Мұның өзі Түркия қазақтарының тарихындағы ең мәнді құбылыс болып табылады. Қаншама жыл Кеңестік аждаһаның ашса алақанында, жұмса жұдырығында болған Қазақстанның көк туын желбіретіп егеменді ел болуы Түркиялық қазақтарды өшкені жанып, өлгені тірілгендей үлкен қуанышқа бөледі. Тұрғыт Өзал жетекшілігіндегі Түркияның Қазақстанның тәуелсіздігін кідірместен екі сағат ішінде тануы бұл қуанышты еселей түсті. Содан бері екі туысқан елдің достық туыстық қарым-қатынастары күн өткен сайын күшейіп келе жатыр. Соның арқасында Түркия қазақтары туған елімен емін-еркін ешқандай кедергісіз, тіпті виза шектеулері де болмастан, араласып құраласып келеді. Мұның өзі Түркия қазақтары үшін үлкен бақыт, үлкен ғанибет екені даусыз.

Түркия Пәкістаннан қоныс аударған қазақтарды алдымен қонақхана деп аталатын оралманханаларға орналастырды. Ол жерде жаңа көшіп келген азаматтардың баспана, тамақтану, киім сияқты негізгі барлық мұқтаждықтары қанағаттандырылды. Тіпті оларға айлық та төленіп тұрды.

Сонымен қатар оларға түрік тілі, кәсіп-мамандық, жаңа елдің тірлік-салтына бейімдеу барысында курстар бен сабақтар ұйымдастырылды. Екі жыл осылай өткеннен кейін қазақтарға Түркияның қай жеріне орналасуды қалайтындықтары сұралды. Олар өздерінің дағдылы көшпенді мал шаруашылығы өмірлеріне сәйкес келетін таулы және далалық Анатолия аймақтарынан қоныс берілуін қалайтындықтарын айтты. Сонымен қазақтар Түркияның Маниса, Измир, Конья, Аксарай, Кайсері және Нигде өңірлерінің далалық және таулық аймақтарында жер көрсетіліп, арнайы үйлер салынды. Бірақ кейін ауылдық жерлерде күн көрудің қиын болуына байланысты олардың көбі 1960 жылдардың екінші жартысынан бастап Ыстамбұлға қоныс аударды. Қазір олардың көпшілігі Ыстамбұлдың Зәйтінмұрын, Гүнешлі Қазақкент, Күчүкчекмеже және Сефақөй сынды аудандарында өмір сүруде. [7]

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. stud.kz – «Түркиядағы қазақ диаспорасы»
2. emirb.org – «Ұлттық тәуелсіздік және қазақ диаспорасы»
3. el.kz – «Қазақтардың Түркияға қоныстануы»

4. Х.Алтай, «Қазақтар туралы шежіре», Стамбұл.,1977,35-40-бб.
5. Х.Алтай, Естеліктерім, Стамбұл.,1980,45-48-бб.
6. З.Х.Алтай,Атажұрттан Анадолыға дейін,Анкара.,1981,56-58-бб.
7. www.trt.net.tr - Түркиядағы қазақтар және олардың тарихы

УДК 159.9

ЖЫНЫСТЫҚ ДИМОРФИЗМГЕ БАЙЛАНЫСТЫ ЖЕТКІНШЕКТЕРІНІҢ ТҮЛҒАЛЫҚ ДАМУЫНДАҒЫ ЖЕКЕ-ДАРА ЕРЕКШЕЛІКТЕР

**Рахымжан Назерке Бауыржанқызы,
Жақсылықова Мәдина Еркінқызы**

«Психология» мамандығының 3-курс студенттері, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ
Ғылыми кеңесші - Ерментаева А.Р.

Шет елдік және отандық психологияда жеке-дара ерекшеліктер бойынша мәселелер көп зерттелген. Бірақ қазақ жеткіншектерінің жеке-дара ерекшеліктері бойынша зерттеулер аз.

Жеткіншектік шақ балалар дамуындағы ең күрделді, тұлғаның қалыптасу процессі жүретін маңызды жас кезеңі. Жеткіншек шақ баланың өзін үлкендермен тең көріп нағыз тұлғалық ерекшеліктер қалыптасатын жас болып есептелінеді. Жеткіншек шақтың басты ерекшелігі өзіндік сана (Л.С. Выготский), эгожекешеліктің дамуы (Э. Эриксон) болады.

Адам дамуы үшін әр жас кезеңі маңызды. Дамудың барлық сатылары сапалы өзгерістерге ұшырай бастайды. Жаңа әлеуметтік шарттар, қызығушылықтар қалыптасып, жаңа көзқарастар пайда бола бастайды. Бұл ерекшеліктерді ресей ғалымдары: Л.И.Божович, В.В.Давыдов және т.б ғалымдар ғылыми мәнділігі жоғары зерттеу жұмыстарын жүргізген. Отандық психологияда жеткіншек шақ мәселесін А.Х.Кумисбекова, Ж.Е. Алшынбаева қарастырған.

Зерттеу жұмыстары жеткіншектің дамуының келесі мәселелеріне тоқталады: жеткіншектің тұлғалық ерекшеліктері мен когнитивті дамуы; агрессия және жалғыздық жайттары; қарым – қатынас жасау қабілеті.

Жеткіншек шақ – орталық және спецификалық мазмұны бойынша жеткіншектегі «мен енді кішкене бала емеспін» деген ой қалыптасатын, өзін тәуелсіз сезіну мен еркіндікке құштар болатын жас шағы.

Негізінен жеткіншектердің оқу процесінде көрсететін мүмкіндіктеріне гендерлі айырмашылықтар себеп болады. Т.П. Хризман жеткіншек шақта ер балалар мен қыз балалар деп жеке – жеке қарастырады. Жеткіншек шақта ер балалар мен қыз балалар арасында бірнеше психологиялық, физиологиялық өзгерістер байқалады. Қыз балалар мен ұл балалардың дамуындағы айырмашылықтарға тоқталған. Қыздар сөйлеген кезде көбіне әдемі сөздерді жиі қолданады, басқа адамдар туралы өз пікірлерін көп қалдырады, достық қарым-қатынасты күшейту үшін «секрет» жиі айтылады. Ал ұл балалар болса, іс-қимылдармен дәлелдеуге тырысады.

Әлеуметтену процесінде жеке тұлға қоғамдық қатынастардың объектісі мен субъектісі ретінде анықталады. А.В. Петровский [1] қыз балалар өзін - өзі бағалауы, қоршаған ортамен қарым – қатынас жасаған жағдайда өзіне сенімді болуы үшін өз – өзіне қарау күшейеді. Ер балалар қарым – қатынас жасауда өзіне сенімділікті тәжірибесі мен білімінен іздей бастайды. Л.В.Занкова бойынша жеткіншек жастағы қыздар бір-бірімен әңгімелесу барысында ұлдар жайында, киім киістері туралы және өз дене пішіндері, т.с.с сияқты әңгімелерді жиі қозғайды. Ал ұлдар болса спорт немесе механика айналасындағы мәселелерді талқылағанды ұнатады [2]. Жыныстық ерекшеліктер олардың оқу іс - әрекеттерінде де айырмашылыққа ие болады. Мысалы, қыз балалар оқу процессі кезінде эмоциялық қолайлы сезінеді, ұстазымен тығыз қарым –қатынасқа түсіп ойын ашық жеткізуге бейім келетін болса, ұл балалар оқу процессі кезінде ішкі эмоциялық күйде қысым сезеді және сырт көзге мүлдем шыдамсыз